

## **2023-2024 оқу жылдарындағы Қарғалы қазақ орта мектебі педагог-психологтың есебі.**

**Мақсаты:** оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

### **Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- Білім беру үйіндегі әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасызеттің психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
- Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
- Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік-кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

**2023-2024** оқу жылдарында мектеп психологының жылдық жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы №68 бұйрығы негізінде құрылды. Оқушылардың жеке құжаттары жинақталды.

### **Психологиялық диагностика.**

Жыл басында 1 – класс оқушыларының мектепке бейімділігін, жалпы мектепке психологиялық даму деңгейін анықтау мақсатында Керн Йирасектің диагностикалық зерттеу жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар оқушылардың жеке картотекалары дайындалып, мәліметтер жиналышп, жақынырақ танысу жұмыстары жүргізілді. 1-класс жетекшілерінен үлгерімі тәмен, сабакқа қызығушылығы тәмен оқушылар тізімі дайындалып, бақыланды. Оқушылардың Керн Йирасек әдістемесі бойынша бейімделу деңгейі тәмендегі нәтижені көрсетті:

Класы	Оқушы саны	Жоғары/%	Орташа/%	Тәмен/%
1 А	26	20-69%	7-31%	0
1 Ә	25	19-68%	9-32%	0
1 Б	25	18-54%	12-46%	0
1 В	25	22-74%	7-26%	0
Барлығы	101	95 - 64%	47 -36%	0-0%

Зерттеу жұмысының нәтижесін қорытындылайтын болсақ, 1- класс оқушыларының мектепке бейімделуінің қалыпты деңгейін көрсетті.

### **5-клас оқушыларын зерттеу мақсаты:**

5-клас оқушыларының орта буынга бейімділігін анықтау, бейімділіктен өтуге қиналған оқушыларға психологиялық қолдау көрсету.

5 сыныпта 77 оқушы білім алуда. 5 сынып оқушыларының бейімделу деңгейін анықтауда Лусканова әдістемесі алынды. Зерттеу қорытындысы бойынша:

Класы	Окүшісінің саны	Жоғары/%	Орташа/%	Төмен/%
5 А	26	20-70%	9-30%	0
5 Ә	26	18-69%	9-31%	0
5 Б	25	20-74%	8-26%	0
Барлығы	77	100-74%	37-26%	0

5-клас бейімділігі бойынша, класс жетекшілер мен пән мұғалімдеріне келесі ұсыныстар жасалды:

- Окүшілар арасында тұлғааралық қарым - қатынасты одан әрі дамыту;
- Жүйелі түрде ата-аналарымен тығыз байланыста болу;
- Жоғары буында окуға бейімделуге көмек беру, әрдайым класстағы барлық окүшіларды бақылау; әр оқушымен индивидуалды түрде қарым-қатынас жүргізу;
- Әр оқушының мінез-құлқын ескеру, және үнемі олармен тығыз байланыста болу ұсынылады.

10 сыныпта 62 оқушы білім алуда. 10 сынып оқушыларының бейімделу деңгейін анықтау мақсатында Л.Г.Федоренко «Кластағы психологиялық ахуалды бағалау» сауалнамасы алынды. Зерттеу қорытындысы бойынша мынадай нәтиже көрсетті.

Класы	Окүшісінің саны	Жоғары/%	Орташа/%	Төмен/%
10 А	20	18-86%	3-14%	0
10 Ә	19	17-81%	4-19 %	0
10 Б	23	21-88%	3-22%	0
Барлығы	62	92-85%	17-15%	0

1, 5, 10 сынып оқушыларында сыныпта бейімделмеген оқушы жоқ. Барлығының бір – біріне деген қарым – қатынасы жақсы. Мұғалімдермен тез тіл табысады. Мектепке жақсы көңіл күйде келеді.

5-11 сынып оқушыларының темперамент типтерін анықтау тесті алынды.

10-клас оқушыларының таңдаған бағыты бойынша, жаңа класқа бейімделігін анықтау мақсатында, И.Лусканованаң әдістемесі жүргізілді. Нәтиже бойынша, 10-клас оқушыларының бейімделуі жоғары және орта деңгейде екені анықталды. 9-10 сынып оқушылары арасында Дифференциалды- диагностикалық сауалнама (КЛИМОВ) жүргізілді. Зерттеу жұмысы оқушылардың мамандық таңдауына байланысты жүргізіледі. Зерттеу жұмысының қорытындысы арқылы оқушылардың қызығушылық бағыттары анықталады. Оқушылармен мамандық бағыттары талқыланды. Жоғары буынға қайта бейімделу кезіндегі 10-шы сынып оқушыларының қоғамдық ортаға қалыптасуындағы түрлі кедергілердің алдын-алу мақсатында «Тұлға құзіреттілігін жан-жақты дамыту» тренингі өткізілді.

Қосымша 1-11 сыныптар аралығында темперамент ерекшеліктерін анықтауға арналған тест жүргізіліп, қорытынды жасалды.

Сонымен қатар 8-11 сынып оқушыларының мазасыздық, депрессия деңгейін анықтау мақсатында «Басса-Даркий», «Дасс», «Спилбергер Ханин» сауалнамалары алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылармен жеке сұхбат жүргізіліп, қалыпты деңгей анықталды.

8 – 9 – 10 – 11 сынып қыздар арамында анонимді түрде «Ерте жүктіліктің алдын алу» сауалнамасы алынды. Оқушылардың көрсетуінше сұрақтарға он жауап беріп, жалпы қарсы көз – қараспен қарайтынын белгілеп, ондай жағдайдын болуына жол бермеуді қосымша жазып өткен.

Мектепте құрылған біріккен «МобиЛЬДІ ТОП» құрамы ИДН, директордың ТІО, психолог, әлеуметтік педагогтермен бірлесе отырып, анықталған оқушылар мен жалпы сыныптарға жыл бойы жүргізіліп отыратын әдіс – тәсілдер құрылып жалғасын тапты.

### **Дамыту (коррекциялық) жұмыс.**

Танымдық деңгейін арттыру мақсатында 1-2 сынып оқушыларына «Психомоториканы дамыту жаттығулары» жүргізді. Жаттығу кезеңінде оқушылар әр жаттығуды қызығушылықпен, еркін орындады, оқушылардың, қол моторикасы, ұсақ моторикаларын дамытуға жаттығулар жақсы жүргізілді. Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында 3-4 класс оқушыларына «Сөздер жұбы», «Не артық» жаттығулары өткізілді. Тренинг кезеңінде оқушылар белсенді қатысты. Зейінін көп аудару қынға соққан оқушыларға көмек беріле отырып, жаттығуларды қайталанып жасалды. Түзету-дамыту жаттығулары жүргізіліп, оқушылардың психологиялық және физиологиялық түрғыда дамуына пайдалы әсерін тигізді.

Оқушыларды психикалық деңсаулық туралы толық ақпараттандыру, суицидтік мінез – құлықтың алдын алу, эмоционалды интеллектті көтеру мақсатында 8- 11 сынып оқушыларына «Өзіңнің көңіл күйіне әсер ет және оны жақсарт», «Досыма қалай көмек бере аламын», «Күйзелістен қалай құтылуға болады» тақырыптарында тренинг – дәріс жүргізілді. Бұл дәріс дискуссия түрінде өтті. Дәріс барысында сұрақтар қойылып, оқушылар пікірлерін ашық жеткізе білді.

11 сыныптарға ҰБТРа дайындық кезеңде кеңестер беріліп, тренингтер өткізілді.

Ерекше назарды қажет ететін оқушылармен жылдық жоспарға сай психомоториканы дамытуға арналған түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп отыр.

Ерекше жағдайда білім алатын оқушылардың білім алудың жеңілдегу мақсатында «Менің балам – менің мақтанышым» атты жоба ашылды. Жоспарлы түрде «Оқытуды оқушылардың ерекше қажеттіліктеріне бейімдеу» тақырыбында мұғалімдерге арналған коучинг,

Мектепшілі есепте тұрган оқушылармен жеке кеңес бері, сауалнамалар өткізілді. Топтық тренинг, ойын өткізу кезеңде оқушыны жиі қатыстырып, өз

оыйн ашық айта алатындай орта орналастырылды. Эр шарада окушы белсене қатысып, көңіл – күйлері жоғарлап, көздеген мақсатқа жетті.

Кәсіптік бағдар бағыты бойынша мектептің жоғарғы буын оқушылар мен мектеп тұлектері және әр түрлі мамандық иелерімен кездесу өткізілді. Барысында оқушыларымыз біршама ақпараттармен толықсып, мамандарымыз мамандықты қалай тандағандарымен бөлісті.

### **Психологиялық консультация**

Консультация бағыты бойынша, келіп түскен сұрақтар электрондық журналға тіркеліп, уақытылы жауап беріліп, әңгімелесу жұмыстары, түзетудамыту жұмыстары жүргізіліп отырды. Психологиялық кеңес окушы, атана, мұғалім арасында туындаған проблемаларды шешуге көмектесуге бағытталды. Оку процесі кезінде туындаған жағдаяттарды шешу және ұсыныс жасау – психологиялық кеңес берудің басты мақсаты. Мектептің психологиялық кеңесіне тек қана туындаған проблемаларды шешу ғана емес, мектеп процесіне қатысуши оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар жеке басына қатысты кеңес алуға келді.

«Сенім жәшігі» ай сайын ашылып, тексерілді. «Сенім жәшігіне» түскен ұсыныстар, арыз-шағымдар немесе құпия қоңыраулар болмады. Оқушыларға кез келген қызын жағыдайда сенім телефонына және сенім жәшігіне хабарласуға болатындығы туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар Облыстық білім басқармасының «Сенім телефоны» өмірімен таныстырылып, жасырын түрде жүргізілетіндігі айтылды. Қосымша таратпа қағаз жадынамалары таратылды.

Мектепке бейімделу мәселесі бойынша 1 класс оқушыларының ата-аналарына және класс жетекшілерге оқушылардың бейімделуі бойынша кеңес берілді. 5 класс оқушыларының орта буынға өтуде класс жетекшісіне бейімделу процесінің болатыны туралы кеңес берілді. 5-класс оқушыларының ата-аналарымен жиналыс өткізіліп кеңес беріліп түсіндірме жұмысы жасалды.

11 сынып оқушыларына ҰБТ-ге дайындық ретінде «Емтиханға қалай дайындалуға болады? Ол үшін не істеуіміз керек?», «ҰБТ-ге психологиялық дайындық», «ҰБТ-ны сәтті тапсыру үшін емтиханға уақытты қалай бөлу керек» тақырыбында психологиялық кеңестер берілді.

### **Профилактика және психологиялық ағарту**

Ата-аналармен «Тәрбие отбасынан басталады», «Киқілжіңің бала денсаулығына әсері» тақырыптарында жиналыстарда баяндамалар оқылып,баланың ата-ана өміріндегі маңызды орын алатынына шолу жасалынды. Эр-бір ата-ана оқушының жан-жақты дамуын қадағалауы (қызығушылығы, қабілеттілігі, психолого-физиологиялық сапасын, денсаулық жағдайы) қажет оқушының практикалық және психологиялық дайындығын кәсіптік міндеттермен салыстырып деңгейін білуі керек. Болашақ мамандығын еркін меңгеру үшін, жеке жетіспейтін кәсіби сапасын баламен бірге маңыздылығын анықтау. Өзіндік тәрбиелеуге ұмтылыс және мектеп баламен оның жетістіктерімен мақсатқа жету жолын қарастыру.

«Тұлға құзіреттілігін жан – жақты дамыту» тақырыбында тренинг жүргізілді. Мақсаты: «мен тұжырымдамасына» саналы түрде көніл бөлу. Жасөспірімдер арасындағы мазасыздық деңгейлерін азайту, мақсатқа ұмтыла білуге үйрету.

Мектеп медбикесімен бірлесіп 8-9 сынып қыздарымен «Ерте жүктілік немен қауіпті?» дөңгелек үстел жүргізілді. Окушыларға салауатты өмір салтын қалыптастыруға байланысты пікір-алмасу барысында психологиялық консультация берілді. Талқыланған сұрақтар: Ерте жүктілік деген не? Ерте жүктілік немен қауіпті? Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады? Ерте жүктіліктің нәтижесі. Қыздардың ойын тындардық, осындай аталған сұрақтарға өз түсініктерімен бөлісті. Ондай кері іс-әрекеттерден сак жүретіндерін, ақпарат мазмұны маңызды екендерін айтты.

Мектеп окушыларының өмірлік қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында сынып жетекшілерге «Мектептегі Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және аутодеструктивті мінез – құлықты алдын алу» тақырыбында мектеп психологи дәріс оқып түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 8-11 класс аралығында суицидтің алдын алу, өмірдің қаншалықты маңызды екені, проблемалардан әрқашан шығу жолы бар екенін жеткізу мақсатында «Өмір сен қымбатсың маған» атты тренинг өткізілді. Окушылар өмір туралы өз түсініктерін ортаға салып ой тастады. Сондай-ақ өмірдің мақсатына қарай жемісі болатынына көз жеткізіп, өмірдің ақ-қарадан тұратынын, онда кездесетін қандайда бір қыншылықтарға мойымай, куресе білу керек деген тұжырым-түйіндемеге келіп, бір-бірлерінің жақсы қасиеттерін айтуменаяқталды.

«Қауіпсіз өмір – қауіпсіз интернет», «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында интернет желісінде кәмелетке толмаған білім алушылар арасында ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, «Буллинг және Кибербуллинг» тақырыбында түсіндіру тренинг сабак өткізілді. Сабак барысында окушыларға әр – түрлі ситуативті сұрақтар қойылып, вертуалды шындыққа тәуелділік пайда болуы, жағымсыз таныстар сияқты өзекті сұрақтар ашып айтылып, окушылардың жауабы тындалып, қосымша ақыл кеңес берілді.

Үйде оқытылатын окушылардың үйіне барып, ата-анасымен баланың денсаулығы, тұрмыс жағдайын анықтау мақсатында кездесу ұйымдастырылды.

11 сынып окушыларға дайындық жүргізу мақсатында «Емтиханға қалай дайындалуға болады?» түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, психологиялық ұсыныстар, кенестер берілді.

Жас мамандармен психологиялық қолдау көрсету мақсатында «Жеке тұлға және маман» психологиялық ағарту жұмыстары және қарым – қатынас, сенімділік тренингтері жүргізіліп отырды.

Желтоқсан айында әлеуметтік педагогымен бірлесе отырып «Күпия дос» акциясымен басталып, мектебіміздің мұғалімдер арасында 1 апта бойы белсене қатысып, апта сонында қүпия достарын анықтап, алып келген сыйлықтарымен бөлісіп, өз - ара жағымды көніл-күй орнады.

Жыл бойы бақылауда және қолдауға алынған оқушылармен мазасыздықтарын бақылауға арналған жеке әңгімелесу жүргізіліп, оқушылардың қазіргі таңдағы психологиялық жай – күйлері қалыпты, сол себепті оқушылармен алдағы уақытта тек топтық бақылау жұмысы ғана жүргізіледі.

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта метебінің директоры:  Ж.Т.Жанайдаров

Мектеп педагог-психологы:

 Н.К.Жасқали

 Е.Т.Кенжалина